

С.Рыскалиев¹

*¹Қазақ спорт және туризм академиясы,
Алматы қ., Қазақстан*

БОЛАШАҚ ДЕНЕ МӘДЕНИЕТІ МҰҒАЛІМІНІҢ БАСҚАРУШЫЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ КОМПОНЕНТТЕРІ МЕН КӨРСЕТКІШТЕРІ

Аңдатпа

Мақалада автор болашақ дене мәдениеті мұғалімінің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастырудың компоненттері мен көрсеткіштерін анықтауға тырысады.

Ғылыми әдебиеттерді талдау барысында басқарушылық құзыреттілікті қалыптастырудың ішкі және сыртқы ресурстары қарастырылады. Ғалымдардың тұжырымдарына сүйене келе басқарудың қызметтерін анықтайды: ақпараттық-аналитикалық, мотивациялық – мақсаттық, жоспарлы-болжамдық, реттеуші-түзетушілік, ұйымдастырушылық-атқарушылық.

Зерттеу барысында негізгі ұғым «басқарушылық құзыреттілікке» анықтама беріп, оның құрамдас бөліктерін, яғни құзыреттер жиынтығын бөліп ажыратады. Автор аталмыш мәселені зерттей келе, болашақ дене мәдениеті мұғалімінің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастырудың компоненттерін анықтаған. Әрбір компонентке сәйкес көрсеткіштер нақтыланады.

Түйін сөздер: басқару, басқарушылық құзыреттілік, құзырет, болашақ дене мәдениеті мұғалімі, компоненттер, қызметтер, ресурстар.

S.Ryskaliyev¹

*¹ Kazakh Academy of sport and tourism
Almaty, Kazakhstan*

COMPONENTS AND INDICATORS OF FORMATION OF A FUTURE PHYSICAL CULTURE TEACHER'S MANAGEMENT COMPETENCE

Abstract

In the article, the author tried to determine the components and indicators of formation of a future physical education teacher's management competence.

Based on the analysis of scientific literature, internal and external resources of the formation of managerial competence are considered. Based on the views of scientists, the author reveals the management functions: information-analytical, motivational-target, planning and prognostic, regulatory-corrective, organizational and executive.

The study clarifies the content of the key concept of "managerial competence" and determines its components, i.e. set of competencies.

The author exploring this problem determines the components of the formation of a future physical education teacher's management competence teacher.

Accordingly, each component is updated with indicators

Keywords: management, management competence, competence, future physical education teacher, components, functions, resources.

С. Рыскалиев¹

¹Казахская академия спорта и туризма
г. Алматы, Казахстан

КОМПОНЕНТЫ И ПОКАЗАТЕЛИ ФОРМИРОВАНИЯ УПРАВЛЕНЧЕСКОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ БУДУЩЕГО УЧИТЕЛЯ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ

Аннотация

В статье автор попытался определить компоненты и показатели формирования управленческой компетентности будущего учителя физической культуры.

На основе анализа научной литературы рассмотрены внутренние и внешние ресурсы формирования управленческой компетентности. Опираясь на взгляды ученых автор раскрывает функции управления: информационно-аналитическая, мотивационно-целевая, планово-прогностическая, регулятивно-коррекционная, организационно-исполнительская.

В ходе исследования уточняет содержание ключевого понятия «управленческая компетентность» и определяет его составляющие, т.е. совокупность компетенции. Автор исследуя данную проблему определяет компоненты формирования управленческой компетентности будущего учителя физической культуры. Соответственно каждому компоненту уточняются показатели.

Ключевые слова: управление, управленческая компетентность, компетенция, будущий учитель физической культуры, компоненты, функции, ресурсы.

Қазіргі мектеп жаңа материалды түсіндіруге және өз еңбегін ұйымдастыруға қабілетті ғана емес, сонымен қатар білім алушылардың оқу-танымдық қызметін сауатты басқара алатын педагогтарға деген қажеттілікті сезінеді. Бұл тұста педагог-менеджердің білім алушылардың кепілді білім деңгейін қамтамасыз етуге қабілетті жаңа рөлі, яғни белгіленген уақыт ішінде және ресурстардың алдын ала анықталған шығындары мен болжанатын және диагностикаланатын нәтижеге қол жеткізу туралы болып отыр.

Ғылыми айналымда ұзақ уақыт бойы «басқару» ұғымы ұйғарымдармен, директивалармен, бұйрықтар мен шектелген әкімшілік қызмет ретінде түсіндірілген. Білім беруді басқару саласында ұқсас тәсіл болды. Білім беру мекемелерінің басқару қызметкерлері оқытушыларды басқару шешімдерін орындаушылар ретінде ғана қарады.


Соңғы зерттеулерге сүйенсек, бүгінгі күні педагогтардың көпшілігі команданы (ұжымды) қалыптастыра алмайды, өз жұмысын түпкілікті нәтиже алуға бағыттай отырып құра алмайды, тартымды білім беру ортасын ұйымдастыра алмайды, оқушылардың мінез-құлқының себептерін қолдана алмайды, бұл өскелең ұрпақтың едәуір бөлігін де оқуға деген қызығушылықты жоғалтуға алып келді. Заманауи педагог-білім беру үрдісінің менеджері. Ол әрқашан субъект немесе басқару объектісі ретінде әрекет етеді. Алайда, педагогтарда орындаушылық және басқару мәдениетінің төмен деңгейі, өзінің түпкі нәтиже үшін жауапкершілік шарасын түсінбеушілік айқын емес. Сонымен қатар, біздің ойымызша, аталмыш мәселені шешуді болашақ педагог кадрларын даярлау үрдісінде жүзеге асырсақ, заманға сай басқарушылық қабілеттерге ие маман қалыптастыру нәтижесін берер еді.

Ғылыми –педагогикалық әдебиеттерді талдай келе, басқарушылық құзыреттілік басқару құзыреттерінің жүйесі деп анықтауға болады, олар оқу мен кәсіби міндеттерді шешуде сапаға мән береді[1].

Болашақ дене мәдениеті мұғалімінің құзыреттіліктерін қалыптастырудың ішкінақты ресурстарды ұйымдастыруды қажет етеді (сурет-1).

Сонымен қатар, болашақ дене мәдениеті мұғалімінің құзыреттіліктерін қалыптастырудың сыртқы ресурстарын атап қтуге болады (сурет-2).

Ресурстарды бірлесіп ұйымдастыру жеке мақсат қоюды, өзін-өзі ұйымдастыруды, командалық жұмысты таңдау үшін жағдай жасау арқылы қалыптасады.



Сурет-1 Болашақ дене мәдениеті мұғалімінің құзыреттіліктерін қалыптастырудың ішкі ресурстары

Құзыреттілікті қалыптастыру оқытудың мазмұнын да, психологиясын да өзгертуді талап етеді:
- ішкі мотивация өзін-өзі дамыту көзі ретінде;



Сурет-2 Болашақ дене мәдениеті мұғалімінің құзыреттіліктерін қалыптастырудың сыртқы ресурстары

- өзін-өзі ұйымдастыру тұтас қызметті меңгеру шарты ретінде;
- өз құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін анықтауға мүмкіндік беретін өзіндік референция;
- тұлғалық-маңызды нәтижелерге қол жеткізу;
- білім беру үрдісінің барлық субъектілерінің тиімді өзара іс-қимылы.

Біздің зерттеуімізге аса маңызды Т.И. Шамованың [2] басқарудың қызметтері туралы ойы болды, оны төмендегі суреттен көруге болады (сурет-3).



Сурет-3 Басқарудың қызметтері (Т.И. Шамова бойынша)

Суреттен байқағанымыздай, басқарудың бес қызметін атуға болады. Ақпараттық-аналитикалық, мотивациялық –мақсаттық, жоспарлы- болжамдық, реттеуші-түзетушілік, ұйымдастырушылық-атқарушылық.

Аталмыш қызметтерге мазмұны жағынан сипаттама берсек.

Ақпараттық-аналитикалық қызмет басқару объектілерінің жай-күйі, білім беру процесінің шарттары мен параметрлері және оған қатысушылар туралы ақпараттық базаны құруға негізделеді.

Мотивациялық-мақсатты қызмет педагогтың алдына қою және жоспарланған нәтижелерге қол жеткізу дәрежесіне қарай өлшенуі, бағалануы мүмкін диагностикалық сипаттағы мақсаттарды қалыптастыра білуімен байланысты. Педагогтың жоспарлы-болжамдық қызметін жүзеге асыруы оның білім беру қызметін тұжырымдамалық әзірлеумен байланысты.

Ұйымдастыру-атқару қызметі барлық басқару субъектілері арасында тұрақты және уақытша өзара қарым-қатынасты орнату, жұмыс істеу тәртібі мен шарттарын анықтау болып табылады.

Реттеушілік-түзету қызметі педагогикалық жүйені бағдарламаланған күйде ұстауды қамтамасыз етеді. Ол білім беру процесінің компоненттерін ағымдағы реттеуді және нәтижелерді түзетуді қамтиды.

Сонымен қатар, басқарушылық құзыреттіліктің құрамына басқарушылық құзыреттерін жатқызамыз (сурет-4):

Сонымен, жоғарыдағыны түйіндей келе, *біз болашақ дене мәдениеті мұғалімінің басқарушылық құзыреттілігі – бұл білім алушыларды басқаруға қажетті болашақ педагогтың ішкі ресурстар жүйесі, ол өзіне мақсат қою, жоспарлау, нәтижені жобалау мен басқарушылық іс-әрекеттің рефлексиясын кіріктіреді», - деп түсінеміз.*

Болашақ дене мәдениеті педагогының басқарушылық іс-әрекетінің көрінісі ретінде –тексеруді жатқызуға болады, оның құрамдас бөлшектеріне оқушылардың (ББД) білім, білік, дағдыларын зерттеу, өлшеу және бағалау жатады .



Сурет-4 Болашақ дене мәдениеті мұғалімінің басқарушылық құзыреттілігінің құрамындағы құзыреттер

Келесі кезекте біз болашақ дене мәдениеті мұғалімінің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастырудың компоненттері мен көрсеткіштерін анықтауға тырыстық (кесте-1)

Кесте – 1 Болашақ дене мәдениеті мұғалімінің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастырудың компоненттерімен көрсеткіштері

№	Компоненттері	Көрсеткіштері
1	Мотивациялық-құндылықты	<ul style="list-style-type: none"> - кәсіби іс-әрекетінің маңыздылығы мен құндылығын түсінуі, - мақсаты мен іс-әрекетін басқаруды сезінуі -мансаптық жоспар мен жеке білім траекториясын анықтауы - «адам-адам» кәсіби саладағы маманның гуманистік ұстанымның басымдығын түсінуі, - заманауи қоғамдағы менеджерлік іс-әрекет пен басқарушылық білімнің құндылығын сезінуі, - кәсіби іс-әрекетте тиімді шешімдерге қол жеткізу үшін арнайы басқарушылық даярлығының қажеттігін түсінуі.
2	Кәсіби – мазмұндық	<ul style="list-style-type: none"> -негізгі ойлау операцияларын меңгеруі (талдау, синтез ,бағалау) - педагогтың басқарушылық іс-әрекетінің негізгі бағыттарын меңгеруі, - басқару саласы бойынша білімдер жүйесін меңгеруі, - кәсіби есеп пен жағдаяттарды жүйелі түрде талдауы, икемділік, -сыни тұрғыдан ойлау, кәсіби ойлаудың өзіндік сипатының болуы
3	Ұйымдастырушылық -іс-әрекеттік	<ul style="list-style-type: none"> -проблемалық жағдайды шешу жағдайында жұмыс істей білу - өзінің оқу жұмысын құра білу, оны басқара білу, - өзінің абыройы мен кемшіліктерін тану, оны орындауға ықпал ететін (кедергі келтіретін) ; - педагогтың кәсіби іс- әрекетіндегі басқарушылық дағдыларды игеруі, - кәсіби шешім қабылдаудағы өзіндік даярлығы - өз қызметінің нәтижелерін болжау, сенімділік сияқты қасиеттер қалыптасуы

4	Рефлексивті-жаналаушы	- өз іс-әрекетінің нәтижесін кәсіби-рефлексиялық талдауға қабілеттілігі -іс-әрекеті туралы мәліметтер алу үшін кері байланыс орнатуы -өзіс-әрекетін басқаруға даярлығы -қоршаған органы басқаруға даярлығы -креативтілік, өзін-өзі талдауға бейімділік, -өзін –өзі білімдендіру іс-әрекетін құндылық ретінде қабылдауы, -кәсіби –тұлғалық өсу бағдарламаларын өз бетімен құрастырып, жүзеге асыру дағдысы.
---	------------------------------	--

Келесі кезекте біз болашақ маманда басқарушылыққұзыреттілігін қалыптастыру үрдісі жоғары оқу орнында жүзеге асырылып жатқанын тексеру мақсатымен Қазақ спорт және туризм академиясының жұмыс оқу бағдарламаларын талдауды жөн көрдік: (кесте -2)

Кесте-2 Қазақ спорт және туризм академиясының «5В010800-Дене мәдениеті және спорт» мамандығының жұмыс оқу жоспарларын талдау (7 семестр 2018-2019 оқу жылы, Оқуға түсу жылы: 2015).

№	Модуль атауы	Пән аты	Кредит саны
1	Базалық модуль: «Спорт физиологиясы және дене мәдениетін басқару»	Дене мәдениеті және спорт менеджменті	3 кредит
2	Бейіндік модуль: «Спорттық –педагогикалық шеберлікті жетілдіру»	Спорттың таңдаулы түріндегі спорттық даярлық үрдісін басқару	2 кредит

Талдау көрсеткендей, біздің көтеріп отырған мәселеміз бойынша таңдау пәндерінің саны жеткіліксіз екенін байқадық. Осы себеппен біз болашақ маманның басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған элективті курс бағдарламасын әзірледік.

Элективті курстың аты «Дене мәдениеті педагогының басқарушылық құзыреттілігі және имиджі» 5В010800 –«Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша білім алушыларға арналған. *Курстың мақсаты:* болашақ педагогта басқару, басқарушылық құзыреттілік жүйесі туралы ғылыми негізделген түсініктер мен меңгерілген менеджмент технологияларын кәсіби іс-әрекетінде өз бетінше жүзеге асыру қабілетінқалыптастыру.

Элективті курс төрт модульді қамтыды:

- 1.Құзыреттілік тұғыр- заманауи білім берудің жаңа парадигмасы.
- 2.Басқарудың теориялық негіздері.
- 3.Имидж педагогтың басқарушылық құзыреттілігінің объекті және ресурсы ретінде.
- 4.Болашақ дене мәдениеті мұғалімінің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемесі.

Әрбір модульге сай тақырыпшалар белгіленді. Аталмыш курс-3 кредитке негізделген.

Біз әзірлеген элективті курс анықтаушы эксперимент қорытындысы бойынша орташадан төмен нәтиже көрсеткен 3 курс білімалушыларына 5 семестрде оқуға бағытталды. Анықтаушы эксперимент екі әдістеме бойынша жүргізілді: «Тұлғаның коммуникативтік және ұйымдастырушылық қабілеттерін бағалау әдістемесі» (В. Синявский, Б. Федоришин); «Сәтсіздіктен қорқу және табыстыққа мотивация» (А. А. Реан).

Сонымен, аталмыш зерттеуде біз болашақ дене мәдениеті мұғалімдерінің басқарушылық құзыреттілігі ұғымының мәнін нақталауға тырыстық және аталмыш құзыреттілікті қалыптастырудың компоненттері мен көрсеткіштерін анықтадық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Вербицкий А.А. Компетентностный подход в образовании: проблемы и условия реализации // Байкальский психологический и педагогический журнал. – 2006. – №1-2 (7-8) . – С. 25-35
2. Управление образовательными системами : учебное пособие / Т.И. Шамова, П.И. Третьяков, Н.П. Капустин, Т.И. Шамова. – Москва: Владос, 2001. – 320 с.
- 3.Ломов Б.Ф., Китов А.И., Рубахин В.Ф. Актуальные проблемы психологии управления - М., 1977.

4. Журавлев А.Л. О современном состоянии отечественной психологии управления в контексте ее истории // Современные проблемы психологии управления. - М.: ИПРАН, 2002. - С. 6-17.

5. Вудкок М., Фрэнсис Д. Раскрепощенный менеджер. - М.: Дело, 1991. - 313 с.

6. Карпова О. Л. Развитие самообразовательной деятельности студентов: теоретические аспекты: монография. - Челябинск: Уральская Академия, 2014. - 204 с.

7. Артамонова Е.И. Формирование готовности к инновационной деятельности как важное направление работы субъектов образовательного процесса // Вестник КазНПУ им.Абая Серия «Педагогические науки» №4 (60), 2018-С.80-86

МРНТИ 14.07.01

<https://doi.org/10.51889/2020-1.1728-5496.44>

Е. Утегенов¹, А. Куракбаева², Ә. Байғалиев³

¹І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті

Талдықорған қ. Қазақстан

³Абай атындағы ҚазҰПУ

Алматы қ. Қазақстан

БОЛАШАҚ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ МҰҒАЛІМІН КӘСІБИ ІС-ӘРЕКЕТКЕ ДАЙЫНДАУ

Аңдатпа

Мақалада дене шынықтыру мұғалімін даярлауда Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңында педагогтың құқықтары мен бірге міндеттеріне сай замануи бағыттар көрсетілген және дене шынықтыру бойынша маманның кәсіби дайындығы күрделі, динамикалық педагогикалық жүйесі, оның жұмыс істеу тиімділігі педагогикалық үрдістің жалпы заңдылықтары және оны басқару негізінде көрініс табатын көптеген факторлары қарастырылған.

Дене тәрбиесі мұғалімдерінің күнделікті жұмысында қолдана алатындай, білуге тиісті мәселелер жеткілікті. Осы мақсатта ұсынылып отырған мақала дене тәрбиесіне қатысты жұмыстар, дене тәрбиесі сабағы, оқыту әдісіне қойылатын талаптар, сабақты ұйымдастыру ерекшеліктері, оның тиімділігін қалай арттығуға болатындығы, мұғалімдердің дайырлық деңгейіне қойылатын талаптар және мәселелер көтерілген.

Болашақ дене шынықтыру мұғалімі, ол өз қызметінде тиісті кәсіби құзыреттілікке ие болуға, оқыту мен тәрбиелеу сапасын қамтамасыз етуге, өзінің кәсіби шеберлігін жоғарлатуға мүмкіндік беретін жолдары көрсетілген.

Түйін сөздер: педагог, дене шынықтыру, болашақ педагогты даярлау, кәсіби іс-әрекет.

Е. Utegenov¹, А. Kurakbaeva², А. Baigaliev³

¹Zhetysu state University named after I. Zhansugurov

Taldykorgan, Kazakhstan

³KazNPU named after Abai

Almaty, Kazakhstan

PREPARATION OF FUTURE TEACHERS OF PHYSICAL CULTURE FOR PROFESSIONAL ACTIVITY

Abstract

The article in the preparation of teachers of physical culture in the Republic of Kazakhstan Law "About the status of a teacher" the modern direction in accordance with the rights and responsibilities of the teacher and examines the complex dynamic system of pedagogical training of the expert in physical culture, its efficiency lies in the General patterns of pedagogical process and the many factors that reflect its based on control.

Physical education teachers have a lot of questions that they need to know so that they can use them in their daily work. To this end, the proposed article reveals the work on physical education, physical education